



Үй жұмысы “Өзінді тексер”





Сабақтың тақырыбы: IV тарау.
Paint графикалық редакторы.
Суретті салу, сақтау және ашу



Сабақтың мақсаты



Білімділік: оқушыларға редактордың құрал-саймандарын дұрыс пайдалана білу және командалары орындай алу қызметін меңгерту.



Дамытушылық: оқушылардың графикалық бейнелеу жұмыстарын орындау арқылы бейнелік ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелілік: оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, нәтиже алуға және уақытты үнемдеуге дағдыландыру, ақпараттық мәдениеттілікке, компьютерлік сауаттылыққа тәрбиелеу.







Жаңа сабақ

“Ертегі әлеміне саяхат”



*Ерте, ерте, ертеде ешкі жүні бөртеде
әр түрлі түстер өмір сүріпті.
Олардың жеке аттары болыпты.
Олар: қызыл, жасыл, көк, сары, қара
және т.б. Бір күні оларды қарандаш
жинап алып сурет салмақшы
болыпты. Бірақ оған түстер қарсы
болыпты. Қарандаш түстердің
қылықтарына шыдамай Microsoft
ағайға хат жазыпты, былай деп:*





Құрметті : Microsoft ағай

Түстер өз беттерімен
кетті, сіздің тез арада
келуіңізді өтінемін.

Мекен – жайым:

Windows ауылы

Программалар көшесі

Сәлеммен: Қарандаш

*Осыдан кейін Microsoft ағай
ойланып-толғанып, Сурет
салу редакторын құрастырып,
оның атын Paint қойынты.*



Жаңа сабақ

Paint графикалық редакторы бұл сурет салуға арналған редактор. Редактор мүмкіндіктері: сурет салуға, көшіруге, суретті сақтауға ашуға, көбейтуге, бұруға, созуға, суретке мәтін кірістіруге және т.б. әрекеттер орындауға болады. Paint графикалық редакторы 16 құрал қолданылады.

Paint графикалық редакторын іске қосу тәсілі:

Пуск – Программы – Стандартные – Paint .

Бұл тізбекті орындаған соң экранда Paint графикалық редакторының терезесі пайда болады.

Дәптермен жұмыс.

Терезе элементтері: Тақырып жолы, меню жолы, құрал – саймандар тақтасы, түстер палитрасы, жұмыс алаңы.

Сурет салу 5 кезеңнен тұрады.

- 1. Құрал таңдау.*
- 2. Кисть түрін және типін таңдау*
- 3. Кескін түсін таңдау*
- 4. Фон түсін таңдау*
- 5. Сурет салу.*

Суретті сақтау: бірінші рет сақтау үшін Файл – Сохранить как командасын орындаймыз. Суретті ашу: Файл – Открыть

Экранды марақтану View-мен. Оқиғаның командасын орындау


Сурет салу кезендері

1. Құралды таңдап алу керек.

Paint бағдарламасында 16 құрал сайман бар.

- 1. Қажет аймақты белгілеу құралы, бұл қисық пішінді үзіндіні таңдау қызметін атқарады.*
- 2. белгілеу құралы деп аталады және суреттің тік төртбұрышты үзіндісін таңдау қызметін атқарады.*
- 3. Өшіргіш/түрлі түсті өшіргіш, суреттің белгілі бір бөліктерін өшіруге арналған;*
- 4. Құю құралы, бұл тұйық контурдың ішін кескін немесе фон түсімен бояйды;*
- 5. Түс таңдау құралы, бұл кескіннің немесе оның фонын суреттің кез келген нүктесінің түсіне өзгертеді;*
- 6. Масштаб құралы, бұл суреттің жеке үзінділерін үлкейтуге мүмкіндік береді.*
- 7. Қарандаш, бұл кез келген сызықты әр түрлі қалыңдықта сызуға арналған;*
- 8. Қылқалам, қалаған сызықтарды салуға арналған.*
- 9. Бүріккіш, пульверизатор эффектісін береді;*
- 10. Жазу, сурет ішіне мәтін орналастырады.*
- 11. Сызық, түзу сызықтар салуға арналған;*
- 12. Қисық, тегістелген, қабаттасқан сызықтар салуға мүмкіндік береді;*
- 13. Тік төртбұрыш, тік төртбұрыштар салуға арналған;*
- 14. Көпбұрыш, кез келген пішінді тұйық көпбұрыштар салады;*
- 15. Эллипс, шеңбер және эллипс салуға арналған;*
- 16. Бұрыштары дөңгеленген тік төртбұрыш, бұрыштары дөңгеленген квадраттар мен тік төртбұрыштар салуға мүмкіндік береді.*

Paint құралдары:



Ерікті аймақты белгілеу құралы



Белгілеу құралы



Өшіргіш/түрлі түсті өшіргіш



Қую (Заливка)



Түс таңдау құралы



Масштаб құралы



Қарындаш



Кисть құралы






Бүріккіш (пультверизатор эффектісі)




Жазу немесе мәтін енгізу




Түзу сызық



Қисық сызық



Тік төртбұрыш



Көпбұрыш



Эллипс



*Бұрыштары доңгеленген
тік төртбұрыш*

1. Тақырып жолы



2. Меню қатары немесе мәзір жолағы

Файл Правка Вид Рисунок Палитра Справка


3. Сурет салу алаңы



4. Түстер палитрасы



5. Сырғытпа



6. Құралдар тақтасы



Көскін түсі

Фон түсі



Палитра



«СЕРГІУ СӘТІ»





Microsoft


ағай қонаққа
келген





Жұмбақтың шешуін тауып, суретін салыңыз

Қақаған қыста,
Өседі тыста.
Өзгертпей өңін,
Сақтауға ұста.



Көктем сайын жайкалып,
Жаңбыр суын ішемін.
Күз болғанда сарғайып,
Қурап-қурап түсемін

Жаңбыр жауса нөсерлеп,
Әрі-сәрі болмаймын.
Алып жүрсең қолыңа,
Су болудан қорғаймын



Бір көзінмен «кідір» дейді,
Бір көзім «жүгір» дейді.
Бір көзім «абайла» дейді
«Қарап ал маңайға» дейді

Ұзынды-қысқа қос тіл,
Он екі цифрмен дос бұл.

Жеңіс пазды

анықтау

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!




Ойын толқын жатқандай
асып — тасып,
Біреу мығым, біреулер шалыс
басып.

Бұл ойыннан өтеді ғұлама ойлар,
жеңсең де, жеңілсеңде қалма
жасып.



Бағалар



A decorative border at the top of the page featuring five stylized fireworks. From left to right: a yellow spiral surrounded by dots, a green starburst with radiating lines, a yellow spiral surrounded by dots, a green starburst with radiating lines, and a yellow spiral surrounded by dots.

Үйге тапсырмасы

A decorative border in the middle of the page featuring five stylized fireworks. From left to right: a green starburst with radiating lines, a yellow spiral surrounded by dots, a green starburst with radiating lines, a yellow spiral surrounded by dots, and a green starburst with radiating lines.

§ 13 Өзіңді тексер және бақылау сұрақтары



Бүгінгі сабақ ұнады ма?

*Сабақта қандай
қиындықтар болды?*

*Сабақтан алған
әсерлерің*

Blank area for response to the first question.

Blank area for response to the second question.

Blank area for response to the third question.